

«Шалқар ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ  
2024-2025 оқу жылы

Психологиялық қызметінің жылдық есебі

Педагог психолог: Мұрат Д.О

## **Психологиялық қызметінің жылдық есебі**

**Мақсаты:** Мектепте білім беру мазмұны мен әдістерін жанартуда, оқушылардың тұлғалық дамуына және мұғалімдердің кәсіби өсуіне психологиялық тұрғыда демеу көрсету

**Міндеттері:** Психологиялық денсаулықтың нығаюына қатер тигізетін салдарды анықтау

Балалардың жеке тұлға ретінде қалыптасып, оқуда жетістіктерге жетуіне психологиялық - педагогикалық көмек көрсету (баламен жеке жұмыс, қабілеттілігін анықтау, ауытқудың себептерін анықтап және оларды психологиялық - педагогикалық түзету);

Баланың қызығушылығын және оның жан-жақты үйлесімді дамуының міндетін басқара отырып, психо-педагогикалық сүйемелдеуді жүзеге асыру.

Психологиялық тұрғыда баланың даралық, танымдық мүмкіндіктерінің кеңейуіне көмек көрсету

Педагогикалық ұжымдағы психологиялық климатты жандандыруға ықпал ету

Ата-аналар мен педагоготарға психологиялық ағартушылық жұмыс жүргізу.

### **Жұмыстың негізгі түрлері:**

- Диагностика, мониторинг.
- Түзету бағдарламасының жұмысын құру және іске асыру.
- Психолого –педагогикалық сүйемелдеу және қолдау.
- Алдын-алу.
- Кеңес беру.

### **Жұмыс мазмұны**

- Бірінші сынып оқушыларының мектепке бейімделуі
- Бесінші сынып оқушыларының орта буынға бейімделуіне қолдау көрсету.

- 1,5,9,10,11 сынып оқушыларының сабақтан тыс жұмыс шараларына, сабақтарына, ата-аналар жиналысына катысу
- 11 сынып оқушыларының мемлекеттік емтихандарға психологиялық тұрғыда қолдау көрсету
- Мектеп алды даярлық тобындағы балалардың мектепке психологиялық дайындығы
- 4 сынып оқушыларының орта буынға бейімделуіне дайындық
- 9 сынып оқушылармен кәсіби бағыт-бағдар бойынша жұмыс
- 10 сынып оқушылармен бейімделу жұмыстары
- Суицидалды синдромның алдын-алу бойынша іс-шаралар.
- Құқық бұзылушылықтың алдын-алу бойынша жұмыстар
- Мұғалімдермен және жас мамандармен жоспар бойынша жұмыс

Жаңа оқу жылында біздің жұмысымыз Ата-аналар жиналысымен басталды. Ата-аналарға жылдық жоспар таныстырылып, келісім қағаздарына қол қойылды.

Бірінші сынып оқушыларының арасында Керн-Йирасек әдістемесін өткізуден басталды. Мақсаты: оқушылардың мектепке психологиялық дайындығымен, мектеп өміріне бейімделуін байқау. Біздің мектепте бірінші сынып оқушылары барлығы сынақтан өтті. Сынақ қорытындысы бойынша оқушылардың мектепке психологиялық дайындығы мен мектеп өміріне бейімделуін төмендегі кестеден байқауға болады.

**1сынып. Сынып жетекшісі:** Конакбаева.Г.Т

1 сынып оқушыларының мектепке психологиялық дайындығы Керн-Йирасек әдістемесі бойынша: Мектепке психологиялық дайындық деңгейі.

**Бірінші сынып оқушыларының мазасыздану деңгейі**

Бірінші сынып оқушыларымен мектепке бейімделу деңгейін қалыптастыру мақсатында, баланың мектепте оқуына психологиялық дайындығын дамытуға арналған ойындар мен жаттығулар WhatsApp Web өткізілді. Өткізілген әдістемелердің қорытындысы педагогикалық кеңесте және ата-аналарға жеке түрінде жеткізілді. Бірінші сынып оқушыларымен жүргізілген

жұмыстарды Керн-Йирасек әдісі іске асты. Бұл әдістемелер бірінші сынып оқушыларының мектепке психологиялық дайындық деңгейін, мектепке үрейін анықтауға көмектеседі. Сәтсіз жақтары жоқ. Осы аталған әдістерді келесі жылғы жоспарда қалдыруды жөн деп санаймыз.

5 сынып оқушыларының ортаңғы буынға икемделу ерекшеліктерін, бейімделу кезеңіндегі қиындықтарды анықтау мақсатында ата-аналарымен және оқушыларымен ағартушылық жұмыстар жүргізілді. Мектебімізде 5 сынып қазақ тілінде білім алып шықты.

**5 сынып: сынып жетекшісі: Омарова.Қ.С**

5 сынып оқушыларымен Лусканов сауалнамасы өткізілді.

Нәтижесінде: 2 оқушыда жоғарғы, 2 орташа дәрежеде, 2 оқушы-ішкі мотивация.

Биылғы оқу жылында 5 сынып оқушылармен және ата-аналармен пән мұғалімдерімен көбінесе ағартушылық жұмыстар жүргізілді. Пән мұғалімдері оқушылардың психологиялық жас ерекшеліктерін, сондай-ақ бесінші сынып оқушыларының 85% - ы үшін сабақтарда және сабақтан тыс қызметте табысқа жету жағдайларын жүйелі түрде жасау немесе эмоциялық қолдау көрсету қажет екендігін ескеруі қажет. Мектеп және тұлғааралық алаңдаушылықты төмендету үшін пән мұғалімдеріне мүмкіндігінше оқу талаптарын келісу, бесінші сынып оқушылары мен мектептің басқа да оқушылары арасындағы айырмашылықтарды ескеру қажет. Бесінші сынып оқушыларының қиындықтары әр сабақта өзіндік қарқынға, сөйлеу ерекшеліктеріне, әр мұғалімнің оқыту стиліне бейімделуі мүмкін. Оқушыларға, ата-аналарға, пән мұғалімдеріне туындаған мәселелер бойынша педагог-психологтың кеңесі ұсынылды.

10 сынып оқушылармен бейімделу бойынша жұмыстар да назардан тыс қалмады. Осы бағытта жұмыс жоспары құрылып, балалардың 10 сыныпқа бейімделу процесінде психологиялық қолдау көрсетілді. 10 сыныпқа келген оқушылар жаңадан келген оқушыларға, және сабақтағы қосымша жүктемелеріне бейімделу керек.

Мектебімізде 10 сынып қазақ тілінде білім алып шықты.

10 сыныпта 3 оқушы. **Сынып жетекшісі: Муканова.Г.Н**

Атап айтатын болсақ олар:

Әдістеме: «**Қызығушылық картасы**» оқушылардың қызығушылығын, қабілетін айқындау сауалнаманың нәтижесіне сүйене отырып 10 сынып 3-сұрағында де қызығушылығы айқын екені байқалды және өздерінің тандаған пәніне сәйкес келетіні анықталды.

Қазан айында оқушыларды біріктіру, топпен жұмыс жасауға ықпал ету үшін тренинг «**Бірауыздылық**» жүргізілді және оқудағы қиындықтарды және бейімделу ырғағын анықтау мақсатында сауалнама алынды.

Оқушылардан жаппай **Филлипс тесті** алынды: 5-11 сыныптар арасында.

Көрсеткіш деңгейлері орташа. Мазасыздық деңгейі басым оқушылармен жеке топтық жұмыстар жүргізіліп, кеңестер берілді. Педкеңесте талқыланып ұстаздарға таныстырылып, жадынамалар оқылды.

Қараша айында оқушылардың тәртібіне көңіл аударылып, бұзықтық жасаған оқушылармен жеке жұмыстар, түзету-дамыту жұмыстары атқарылды. Психологиялық қолдау көрсетіліп кеңестер берілді.

Оқушылардың 10 сыныпқа бейімделуі жақсы деңгейде өтуде, сыныптағы хал ахуал жағымды, оқушылардың өзара қарым-қатынастары жақсы деңгейде, оқушылар сыныпқа жақсы бейімделіп қоғамдық жұмыстарға тартылды.

Мектеп алды даярлық тобымен біркатар зерттеу жұмыстары жүргізілді мектепке психологиялық дайындығы анықталды әртүрлі саусақ моторикасын, зейін, ойлау, қабылдау есте сақтау процестеріне диагностика жүргізілді

1. Мектепалды даярлық топ оқушыларының ата-аналарына «Баланың ұсақ және ірі моторикасын қалай дамыту керек?» тақырыбында ата-аналарға YouTube желісі арқылы видео материалдардың сілтемесі жіберілді.
2. Баланың қол моторикасын анықтау мақсатында оқушыларға Whatsapp желісі арқылы тапсырмалар берілді. Тапсырмаларды оқушылар дәптерге орындап суретке түсіріп жіберді, тапсырмалардың талдауы жүргізілді.
3. Баланың сөйлеу, есту қабілетін дамытуға арналған ойындар мен жаттығулар әлеуметтік желілер арқылы жіберіліп отырды.

4. Баланың естіп қабылдауын анықтау мақсатында оқушыларға «Графикалық диктант» тапсырмасы Whatsapp желісі арқылы жіберілді. Тапсырмаларды оқушылар дәптерге орындап суретке түсіріп жіберді, тапсырмалардың талдауы жүргізілді.
5. Оқушылардың ойлау қабілетін анықтау мақсатында оқушыларға Whatsapp желісі арқылы тапсырмалар берілді. Тапсырмаларды оқушылар дәптерге орындап суретке түсіріп жіберді, тапсырмалардың талдауы жүргізілді.

Қашықтан оқыту кезінде мектеп алды даярлық тобындағы оқушылар мен ата-аналармен көбінесе ағартушылық жұмыстар жүргізілді

Кәсіптік бағдар берудің маңызы ата-аналармен жұмыс болып табылады. Ата-аналар, әдетте балаларының өмірі үшін олардың кәсіби жоспарларын анықтауда, мамандық таңдаудың жолдарында белсенді қатысады. Мектеп бітіруші сыныптарда ата-аналар жиналыстарына қатысып, жеке кеңестер берілді.

**Қараша айында** оқушылардың алға қойған мақсаттарын қалай іске асыратынын анықтау мақсатында **«Сенің кәсіби ой – ниетің»** атты сауалнама жүргізілді, сауалнаманың нәтижесі бойынша: 9- 12 оқушы білім алуды колледжде жалғастыратынын көрсеті.

**Қараша айында** мамандық туралы хабардылығын сауалнаманың мақсаты оқушылардың өз бойындағы басымырақ көрінген дарындылық белгісі, кемшіліктері, үлгі боларлықтай адамға тән кәсіби сипаты және болашақтағы мамандығына қоятын талаптарды сызып көрсетуге ұсынылды.

Оқушылардың психологиялық саулығын бағалау мақсатында 5-11 сыныптар арасында эсселер алынды.

Қорытындылай келе балалар өз ойларын анық, түсінікті жеткізе білген.

**Бала құқығы, зорлық-зомбылықтың алдын алу»** атты ата-аналар жиналысы өткізілді.

Жиналыстың мақсаты: Ата-аналарға баланың құқықтары мен міндеттері туралы түсінік беру, зорлық-зомбылықтың түрлері мен оның бала психикасына әсерін түсіндіру, отбасында және мектепте қауіпсіз, мейірімді орта қалыптастырудың маңызын түсіндіру.

**Желтоқсан айында:** Ең бірінші аптасында (02-06) Психологиялық апталықтың ашылуы өтіліп оқушылар мен мектеп ұжымын апталыққа белсенді қатысуға шақырылды.

Бір тұтас тәрбие мақсатында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мен бірігіп буллинг, кибербуллинг тақырыбында оқушылармен дөңгелек үстел ұйымдастырылып жасалды.

Апталық аясында «Біз - әртүрліміз, бірақ біз –біргеміз» атты 5-9 сыныптар арасында плакаттар сайысы өтілді.

Мектеп ұжымымен психологиялық тренинг сабақ өткізілді.

Апталықтың соңғы күнінде белсенді қатысқан оқушыларды марапаттап, жабылу салтанаты өтті.

Табандылықты анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді.

**9-сынып** – 60 % оқушылар табандылықтың жоғары деңгейін көрсетуде, ал 20 % оқушы табандылықтың орта деңгейде екені байқалды. Ал қалған 20% оқушыларды табандылықтың төмен деңгей бар екенін көрсетті.

I –II тоқсанда қыздармен және ұлдармен жеке, жас ерекшеліктері, салауатты өмір салты туралы ФЗОЖ кабинетінің медбикесі және

педагог-психологпен әңгімелесу өткіздік.

**Қаңтар айында:** Ең бірінші айында «Реніштен арылу » атты психологиялық түзету дамыту бағытында тренинг сабақ өткізілді.

Сабақтың мақсаты: адамның ішкі психологиялық күйін жақсарту, стресс пен жағымсыз эмоцияларды жеңуге көмектесу, сондай-ақ ренішті, өкінішті сезімдерден арылту. Бұл тренингте адамның өз сезімдерімен, ойларымен және өміріндегі қиындықтарымен дұрыс жұмыс істеу дағдыларын дамыту көзделеді.

Сабақ барысында психологиялық әдістер мен техникалар (мысалы, медитация, тыныс алу жаттығулары, эмоционалды блоктарды шешу әдістері) қолданылады. Бұл адамға өз сезімдерімен жұмыс істей отырып, оң өзгерістер жасауға көмектеседі.

**«Ой, сезім, мінез-құлық» атты** 7 сынып оқушыларымен тренинг сабақ өткізілді сабақтың мақсаты:адамның ойлау жүйесін, сезімдерін және мінез-құлқын үйлестіріп, олардың арасындағы байланысты түсініп, өмір сапасын жақсарту. Бұл тренинг адамның психологиялық жай-күйін, ішкі сенімдерін, қарым-қатынас дағдыларын жетілдіруге, жағымсыз ойлар мен сезімдерден арылуға бағытталған.

Бастауыш сынып оқушыларымен танымдық процестерін түзету мен дамытуға арналған жаттығулар жүргізілді мақсаты: балалардың ойлау қабілеттерін, зейінін, жадысын, қиялын және қабылдауын жақсартуға бағытталған. Мұндай жаттығулар оқушыларға сабақ барысында жақсы нәтиже көрсетуге және жалпы танымдық дамуды қамтамасыз етуге көмектеседі.

«Репродуктивті саулық. Оны сақтау дағдылары» атты 8-10 сынып оқушыларымен профилактикалық сабақ өткізілді. Сабақтың мақсаты — оқушылар мен жастар арасында репродуктивті денсаулықты қорғау, сақтау және жақсарту мәселелері туралы түсінік қалыптастыру. Бұл сабақ адамның жыныстық және репродуктивті денсаулығын сақтау, оның түрлі қауіпті факторлардан қорғау және дұрыс өмір салтын ұстану жайлы білім беру үшін ұйымдастырылады.

**ӘКЕ-АСҚАР ТАУ»** «Менің отбасымның өмірлік жолы» әлеуметтік жобасы өткізілді. Жобаның мақсаты: Отбасының, өз ортасының абыройын асыру Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарауды, кішіге ізет үлкенге құрмет көрсете білуді, дұрыс қарым-қатынас жасауды үйрету.

Жобаға қатысқандар: Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Искаков.А.А, әлеуметтік педагог:Қойлыбаева.А.А және 5-9 сынып жетекшілері.

**«Сен өз құқығыңды білесің бе?»**(Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың, қорлаудың, бопсалаудың алдын алу) мақсатында 5-9 сыныптар арасында сынып сағаты өткізілді.

**«Профи TIME»** мамандықтар әлемінде (*«Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы*) аясында 10-11 сыныптар арасында сынып сағаты өткізілді.

Сабақтың мақсаты: Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

**«Ата-ана мен мектеп ынтымақтастығының маңызы»**

тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді.

Жиналыстың мақсаты: Ата-ана мен мектеп арасындағы өзара түсіністік пен бірлескен әрекеттің маңызын түсіндіру, баланың тұлғалық дамуы мен оқу жетістігіне бірлесе ықпал ету жолдарын көрсету.

**Ақпан айында: «Татулық- достық кілті»** 5-11 сыныптар

Сабақтың мақсаты: Оқушыларға татулық, ынтымақ және достық ұғымдарын түсіндіріп, олардың арасындағы қарым-қатынастарда осы құндылықтарды қалыптастыруға көмектесу. Сабақ барысында

балаларға бір-біріне құрмет көрсету, түсіністікпен қарау, өзара көмек көрсету және бірлікті нығайту дағдыларын дамыту.

**«Өтініш және менің оған деген қарым-қатынасым»** 7 сынып

Сабақтың мақсаты: оқушыларға өтініш беру мәдениетін және оған деген дұрыс қарым-қатынас орнатуды үйрету. Бұл сабақтың негізгі мақсаты — балаларға өтініш жасау және жауап алу кезінде дұрыс мінез-құлықты дамыту, өтінішке құрметпен қарау және олардың өз ойларын дұрыс жеткізе білу дағдыларын қалыптастыру.

**«Менің құқықтарым»** 9 сынып

Сабақтың мақсаты: Оқушыларға өз құқықтары мен міндеттері туралы түсінік беру, оларды өз құқықтарын қорғау және дұрыс пайдалану дағдыларымен таныстыру. Бұл тренинг балалардың құқықтық мәдениетін қалыптастырып, олардың жеке құқықтарын, әлеуметтік және азаматтық жауапкершіліктерін түсінуіне ықпал етеді.

**Ер балалармен психикалық саулығын нығайту, тәртіпсіздіктің алдын алу, жеке бас қауіпсіздігін сақтауға бағытталған кездесу өткізілді.** ( 7-10 сынып)

Кездесудің мақсаты: Ер балалардың психикалық саулығын нығайту. Жеке қауіпсіздік ережелерін үйрету, өзін-өзі бағалау мен жауапкершілікті арттыру.

Міндеттері: Өзін-өзі бағалау мен жауапкершілікті арттыру. Қиын жағдайларда дұрыс шешім қабылдауға баулу. Топтық ынтымақтастықты дамыту.

**«Stop bullying: Бәрі сенің қолыңда!»** атты 3 күндік акциясы өткізілді. 5-9 сыныптар арасында

Акцияның мақсаты: Буллингтің (қорлау, мазақтау, шеттету) алдын алу; Оқушыларды өзара сыйластыққа, достыққа, жауапкершілікке тәрбиелеу; Психологиялық қолдау және сенім атмосферасын қалыптастыру.

1-Күн: «Бәрі өзіңнен басталады!»

Мақсаты: Оқушыларға буллинг ұғымын түсіндіру, өзін және өзгелерді құрметтеудің маңызын ұғындыру.

Өткізілген іс-шаралар: 1)Ашылу рәсімі, 2)Психологиялық тренинг, 3)Жағымды сөз қабырғасы, 4)Бейнеролик көрсету

2-Күн: «Біз - біргеміз!»

Мақсаты: Топтық бірлікті күшейту, эмпатия мен достық қарым-қатынасты дамыту.

Өткізілген іс-шаралар: 1)Ойын-тренинг, 2)Сынып сағаттары, 3)Постер байқауы.

3- Күн: «Қайырымды жүрек- мейірімді мектеп!»

Мақсаты: Мейірімділік пен жауапкершілік құндылықтарын қалыптастыру, акцияны қорытындылау.

Өткізілген іс-шаралар: 1)Акция қорытындысы, 2)Қайырымдылық бұрышы, 3) Психологтың қорытынды сөзі.

**Науырыз айында:** Ең алдымен оқушылардан жаппай **Филлипс тесті** алынды:5-11 сыныптар арасында.

Көрсеткіш деңгейлері орташа. Мазасыздық деңгейі басым оқушылармен жеке топтық жұмыстар жүргізіліп,кеңестер берілді. Педкеңесте талқыланып ұстаздарға таныстырылып, жадынамалар оқылды.

**Сәуір айында :** «Қиын жағдайлардан не үйреніміз?» тренинг сабақ өткізілді.

Сабақтың мақсаты: Оқушылардың өмірдегі қиын жағдайларға деген көзқарасын өзгерту, қиындықтардан сабақ алуға, оларды жеке даму мен тәжірбие көзі ретінде қабылдауға үйрету.

Тренинг сабақтан кейін оқушылар қиындықтарға оң көзқараспен карауды үйренді, өмірлік жағдайлардан сабақ алу қабілеті қалыптасты, топ ішінде қолдау мен сенім атмосферасы орнады. 1 сынып оқушыларымен «**Мектептегі көңіл-күй**» тренингі атты тренинг сабақ жүргізілді.

Сабақтың мақсаты: Оқушылардың мектепке деген жағымды көзқарасын қалыптастыру.Өз көңіл-күйін тануға, сезімін білдіруге үйрету. Сыныпта достық қарым-қатынас орнату және бір-біріне қолдау көрсетуге баулу.

5 сынып оқушыларымен «**Мен өзімді мақтай аламын**» атты тренинг сабақ өткізілді.

Сабақтың мақсаты: Оқушылардың өз-өзіне деген сенімін арттыру, өзін-өзі бағалау қабілетін дамыту және өз жетістіктерін бағалай білуге үйрету.

«**Толеранттылық (төзімділік) деген не?**» атты 11 сынып оқушыларымен тренинг сабақ өткізілді.

Сабақтың мақсаты: Оқушыларға толеранттылықтың мәнін түсіндіру, түрлі көзқарас, мәдениет пен мінез-құлық айырмашылықтарын құрметтеуге тәрбиелеу және өзара түсіністік пен сыйластық қарым-қатынас қалыптастыру.

«**Мамандық тандауда ата-ананың қолдауы**» тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді.

Жиналыстың мақсаты: Ата-аналарды баласының кәсіби бағдарлану процесінде дұрыс бағыт-бағдар беруге, қолдау көрсетуге және тандауға әсер етудің оң тәсілдерін үйрету.

Жиналыстан кейін : Ата-аналар мамандық таңдауда баласына бағыт берудің тиімді әдістерін меңгерді. Өз баласының жеке қабілеті мен қызығушылығына мән берудің маңызын түсінді. Ата-ана мен бала арасында сенімге негізделген қарым-қатынас орнатты. Мамандық таңдауға қатысты отбасылық қолдау мәдениетінің қандай маңызды екенін ұқты.

Мектебіміздің түлегі болатын 11 сынып оқушыларымен ҰБТ- ге психологиялық дайындау мақсатында **"Түлектер"** атты бағдарламасы арқылы жүзеге асырылып жатыр. Жылдың басынан бастап балалардың жүйке төзімділігін, моральды тұрақтылығын, адам бойындағы түрлі негативті мінез-құлық типін басу жөнінде ұсынымдар берілді. Оқушылардың өзіне сенімділігін артыру мақсатында әр апта сайын әр түрлі тренинг, әңгімелесу, жаттығулар өткізілді. ҰБТ-ға дайындалуға байланысты бірқатар кеңестер берілді.. Емтиханда кездесетін қиындықтардың алдын -алу жою және дайындық барысында оқыған мәліметтерді есте сақтаудың тиімді жолдары, ауыса білу ептілігі жайлы жаднама таратылды. 11 сынып оқушыларының ата - аналары ҰБТ- ге дайындалу үшін көмек көрсету жөнінде психологиялық ұсыныстармен және сауалнамалардың нәтижелері бойынша жеке ата - аналармен, оқушыларға бірқатар кеңестер берілді.

Салыстырмалы мониторингтен 2023-2024 жылы педагогикалық ұжымның психологиялық ахуалы жақсарғаны байқалды.

**Қорытынды:** Талдау қорытындысы бойынша 2024-2025 оқу жылында мектептегі психологиялық қызметтің алдына қойған мақсатын қанағаттандыру осы бес бағыт психологиялық диагностика, психологиялық кеңес беру, психологиялық түзету және дамыту, психологиялық ағарту, психологиялық алдын-алу арқылы жүзеге асырылды. Сонымен қатар, құқық бұзушылықтың алдын-алу жұмыстарды күшейту керек деп санаймыз. Ал, бірінші және бесінші сынып оқушыларының талдауы кестеде толық көрсетілді. Оқушылардың мектепке «жоғары» бейімделу деңгейі басым болғандықтан психологиялық қызметінің бұл атқарған жұмысы сәтті деп санауға болады. Қорытындылай келе, психологиялық қызметтің мақсаттары мен міндеттерін келесі оқу жылына қалдыруды жөн деп санадық.

**Ұсыныс:** талдау қорытындысын негізге ала отырып, келесі оқу жылының жылдық жоспарына **«буллинг, бибербуллинг»** әдістемелік кеңесте, **«Темпераменттің оқу**


процесіне әсері», сұрағын және мектепшілік ата-аналар жиналысында «Бала неге өмір сүргісі келмейді» сұрағын қарастыруды ұсынамыз.

- **Мақсаты:** Мектепте білім беру мазмұны мен әдістерін жаңартуда, оқушылардың тұлғалық дамуына және мұғалімдердің кәсіби өсуіне психологиялық тұрғыда демеу көрсету
- **Міндеттері:**
  - Психологиялық денсаулықтың нығаюына қатер тигізетін салдарды анықтау
  - Балалардың жеке тұлға ретінде қалыптасып, оқуда жетістіктерге жетуіне психологиялық - педагогикалық көмек көрсету (баламен жеке жұмыс, қабілеттілігін анықтау, ауытқудың себептерін анықтап және оларды психологиялық - педагогикалық түзету);
  - Баланың қызығушылығын және оның жан-жақты үйлесімді дамуының міндетін басқара отырып, психо-педагогикалық сүйемелдеуді жүзеге асыру.
  - Психологиялық тұрғыда баланың даралық, танымдық мүмкіндіктерінің кенейуіне көмек көрсету
  - Педагогикалық ұжымдағы психологиялық климатты жандандыруға ықпал ету .
  - Ата-аналар мен педагоготарға психологиялық ағартушылық жұмыс жүргізу .
- **Күтілетін нәтиже:**
  - Оқушылардың мектеппен байланысты үрейлерін басу
  - Мектепке бейімделуінің қиындықсыз өтуі
  - Оқушылардың өзін-өзі дұрыс бағалауын , өмірлік белсенділігі мен танымдық аясының көтерілуіне, сенімділігінің артыруына психологиялық тұрғыда ат салысу.
  - Балаларды тәрбиелеуде ата-аналардың психологиялық – педагогикалық құзыреттілігін көтеру .

Сонымен бірге мектебімізде «Сенім» психологиялық клубы жұмыс істейді. Психологиялық клубтың мақсаты мен міндеттері белгіленіп , жұмыс жоспары белгіленді. Психологиялық көмек алу

үшін жасөспірімдік кезеңде жиі кездесетін мәселелерге байланысты жұмыстар жүргізілді. Әр түрлі тренинг жаттығулары жасалынды.

Педагог-психолог:



Мұрат Д.О.